

Оңтүстік білімінің флагманы 70-ке толды

Оңтүстік Қазақстан облысы өңірінде орналасқан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 70 жылдық тарихы бар ірі жоғары оқу орны, ғылым орталығы, көп салалы білім беру мекемесі болып табылады. Айтулы оқу ордасының іргетасы 1943 жылы қаланған. Университет қазіргі кезде әлемдегі ең ірі 600 жоғары оқу орындарының қатарына кіреді. Адам баласы үшін шынайы өмірдің мәні ғылым мен білімді игеруде жатыр. Университет ғылымның алдыңғы қатарларында көрініп, егеменді еліміздің деңгейін жоғарғы және аса жоғарғы деңгейлерге жеткізу үшін ең мықты кадрларды даярлайды. Еуропалық білім кеңістігіне ену – қазіргі кезеңнің басты шындығы, уақыт талабы. Бұл ретпен алғанда, маман дайындаудың үш деңгейлі бакалавр – магистр – философия докторы (PhD) білім жүйесіне енді. Университетте кредиттік оқыту жүйесі оң бағыт алған.

Кез келген талапкерді күтіп тұратын маңызды кадам – ол болашақ мамандығын таңдау. Университеттің филология факультетінің де өзіндік орны бар. Филология факультетінде «Шет тілі: екі шет тілі», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология: қазақ тілі» мамандықтары бойынша мамандар дайындалады. Соның ішінде бізге қарасты «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология: қазақ тілі» мамандықтары Қазақ тіл білімі, Қазақ әдебиеті кафедраларында дайындалады.


Қазақ әдебиеті кафедрасы қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері бойынша жан-жақты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Оқытудың жаңа инновациялық технологиясын, сондай-ақ, дәріс берудің интерактивті әдістерін қолдануды көздейтін кредиттік оқу жүйесін меңгерген кәсіби деңгейі жоғары профессор-оқытушылар қызмет етуде. Ғылыми базасы өте жоғары, биік деңгейде. Кафедрада 5 ғылым кандидаты және 2 аға оқытушы, 2 магистр-оқытушы қызмет етеді.

Филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Р.Тұрдалиеваның жетекшілігімен талантты студенттердің шығармашылығын ұштау мақсатында «Сырлы сөз» өнер бірлестігі құрылып, онда студент жастарды өнерге баулып, сол арқылы ұлттық мәдениетімізді насихаттауда. Ол бірнеше жылдар бойы көркем сөз оқу шеберлерін дайындап, студенттермен сахналық көріністер қоюда, жалпы жастардың шығармашылығын шыңдауда үлкен нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Сонымен бірге өнер бірлестігінде «Жас жүрек жайып саусағын» атты жыр мүшәйрасын өткізу дәстүрге айналған. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент З.Жантасова оқу-әдістемелік ғылыми жұмыстармен қатар көркем шығармашылықпен де айналысады. Ол 2012 жылы 12 желтоқсанда облыстық мәдениет бөлімінің «Облыстың ең үздік жазушысы» номинациясымен марапатталды. Оның шығармашылығы туралы мәліметтер республикалық «Қаламгер.kz» сайтына енгізілген.

Кафедра оқытушылары шығармашылықпен қатар ғылымға да ерекше көңіл бөледі. Кафедра доценті А.Қалшабеков 2011 жылы университеттің «Үздік дәріс» номинациясы бойынша бірінші орынды иеленді. А.Қалшабековтің 2012 жылы «Әдебиеттану ғылымына кіріспе» атты оқулығы жарық көрді. Оқулық қазіргі кезде республиканың бірқатар жоғарғы оқу орындарының оқу процесіне енгізілген.

Факультетте 2010 жылдан «Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылып, жұмыс істеуде. Жастар мен жасөспірімдердің көркем әдебиетке деген ынтасын, еркін сөйлеуге дағдылануын және ой ұшқырлығын арттыру мақсатында республикалық «Әділет» қоғамдық-саяси газеті және «Абайтану» орталығына қарасты «Зиялы жастар» қоғамдық жастар бірлестігімен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясына арналған сайыс өтуде. Сайыстың өтуіне «Абайтану» орталығының оқытушысы, «Зиялы жастар» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сейдахлы Оразалиев белсенді ат салысуда. Бұл сайыс облыс көлеміндегі жоғары оқу орындарының студенттері арасында үлкен қызығушылық туғызуда.

Айта берсек, атқарылған игілікті іс-шаралар жетерлік. Кафедра ұстаздары жас ұрпаққа рухани мұра, ұлттық құндылықтарымызды танытуда, тіліміз бен мәдениетімізді насихаттауда, ғылым көкжиегіне бағыт-бағдар беруде аянбай күш-жігерін жұмылдыруда.


Қ.ОРАЗБАЕВ,
ф.з.к., доцент,
«Қазақ әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі.